

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАСАҚТАР ЖӘНЕ БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫН
ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРДЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СЛЕТТІҢ
БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ**

**Ақмола облысы
Щучье қаласы**

2014 жылғы 12-15 наурыз

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы колледждер мен жоғары оқу орындарының үздік педагогикалық жасақтарын және балалардың жазғы демалысын ұйымдастырушыларды оқыту, олардың ортасында тәжірибе алмасу алаңдарын құру мақсатында Педагогикалық жасақтар және балалардың жазғы демалысын ұйымдастырушылардың республикалық слетін 2014 жылғы 12-15 наурызда Ақмола облысы Щучье қаласындағы «Балдәурен» РСО РМҚК базасында өткізеді.

Міндеттері:

- 1) сауықтыру лагерьлерінде балалардың әр түрлі қызметтегі тәжірибелік біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;
- 2) каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру мәселелері бойынша озық педагогикалық тәжірибені жинақтау және тарату;
- 3) педагогикалық жасақтардың балалармен бірге жыл бойына істеген жұмыстарын талқылау;
- 4) студенттік педагогикалық жасақтар, тәжірибелі педагогтермен тәжірибе сабақтар, шеберлік сыныптар, шығармашылық шеберханалар, тренингтер өткізу.

Слетке педагогикалық олимпиаданың I айналымының жеңімпаздары мен Қазақстан Республикасындағы колледждердің, ЖОО-ның үздік педагогикалық жасақтары, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері қатысады.

Бағдарламада слеттің салтанатты ашылуы, педагогикалық жасақтардың тұсаукесерлері, шығармашылық шеберханалар, шеберлік сыныптар, байқаулар, дөңгелек үстел, ойын батлдары, тәжірибелік сабақтар, тренингтер өткізу және мәдени бағдарлама қарастырылған.

Слеттің аясында білім беру ұйымдарының қызметтерін кеңінен ашып көрсететін жазғы кезеңде балаларды сауықтыру жөніндегі (қызықты тәжірибе, әдістемелік нұсқаулар, фотосуреттер, портфолио) материалдардан құралған «Тәлімгерлік жаз» (үздік көрме) әдістемелік материалдардың республикалық көрмесін өткізу жоспарланып отыр.

Педагогикалық жасақтар және балалардың жазғы демалысын ұйымдастырушылардың республикалық слетін өткізу туралы қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 16/1, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, тел/факс: 8 (7172) 44-53-38, электрондық пошта: spo.rumcdo@mail.ru.